

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 117 Жарлығы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманың жобасы **м а қ ұ л д а н с ы н .**

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевқа 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 7

қ а р а ш а д а ғ ы

№

1 1 7

Ж а р л ы ғ ы м е н

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы ХАТТАМА

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер,
2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа
Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазанда қол қойылған
шарттың 1-бабы төртінші абзацының ережелерін басшылыққа ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттамамен Армения Республикасы 2014 жылғы 23 желтоқсандағы
Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық
мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары
мен қағидалары туралы келісімге қосылады.

2-бап

Осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүше
мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий
дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап, бірақ 2014 жылғы 23
желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (
медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай
қағидаттары мен қағидалары туралы келісім күшіне енген күннен кейін осы Хаттама
күшіне енеді.

2015 жылғы ____ каласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада
жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда
сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке
оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

<i>Армения</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>
<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>	<i>үшін</i>
<i>Р е с е й Ф е д е р а ц и я с ы</i>			
<i>үшін</i>			